

ӘОЖ-327

ТЕҢІЗ КӨЛІГІНІҢ МАҢЫЗЫ

Маратбекова Наркыз Маратбекқызы
maratbekova2002@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің
Халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Теңіз көлігі – теңіз су жолында қатынайтын көлік құралы. 1960 жылға дейін теңіз тасымалы Каспийдің солтүстік бөлігінде шоғырланған. Бұл орайда Гурьев (қазіргі Атырау) айлағында мұнай жүктерін тасымалдау есебінен жүк айналымы жоғары деңгейде болды. Маңғыстау түбегінің солтүстік бөлігінде орналасқан Баутино айлағы екінші орынды иеленді. 1964 ж. Мақат – Бейнеу – Маңғыстау темір жолының салынуына және онымен Маңғыстау мұнайының Атырауға тасымалдана бастауына байланысты теңіз жолымен Баку мен Орта Азия мұнайын Атырау айлағына әкелу едәуір азайды. Каспий теңізімен жүк тасымалдау соңғы жылдары Маңғыстау түбегінің байлығын игеруге байланысты қайта жанданды. Транзиттік тасымалдың көбеюіне орай Каспий теңізі халықаралық жүктерді тасымалдау үшін пайдаланыла бастады. Еуропа – Кавказ – Азия көлік дәлізі (ТРАСЕКА) дәлізінің бірқатар қатынас бағыттары осы теңіздің айлақтары арқылы өтеді және Ресейдің Солтүстігіне апаратын Қара теңіз бен Каспий теңізін Волга-Донарнасы арқылы жалғастыратын, Иранның оңтүстігі және солтүстігі айлақтары арқылы өтетін көлік дәліздерін байланыстырады.

Сондықтан Еуропа жаңғыру және даму банкінің инвестициясын тарта отырып, халықаралық Ақтау теңіз сауда айлағын жаңғырту тәуелсіз Қазақстан Республикасының алғашқы шешімдерінің бірі болды. Жаңа айлақ жүктерді Иранның Каспийдегі айлақтары арқылы Түркияға және одан әрі Жерорта теңізі мен Қызылтеңіздің айлақтарына, ал келешекте Пәкстанмен Ауғанстан арқылы Үнді мұхитына тасымалдауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Ақтау айлағының жүк айналымын негізінен экспорттық жүк: мұнай, металл өнімі, астық құрайды.

Кесте 1. Айлақтың жүк жөнелту қуаты [1]:

мұнай	9,5 млн. т
құрғақ жүк	1,5 млн. т
контейнер	15 мың
астық және негізгі жүк	3 млн. т

Осы орайда Қазақстандағы «Ақтау теңіз порты» АЭА айтқым келеді.

2002 жылдың 26 сәуірінде Президенттің Жарлығымен «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Құрудағы басты мақсаттары келесідей:

- қолайлы инвестициялық климатты құру және экспортқа бағдарланған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту;
- аймақтың экономикасында импортты алмастыру үшін заманауи өндіріс пен инновациялық технологияларды жедел дамыту;
- жаңа жұмыс орындарын құру және жергілікті қызметкерлердің біліктілігін арттыру [2].

Ақтау теңіз порты (Қазақстан) Каспий теңізінің шығыс жағалауында бірнеше халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан, бұл жылына 12 ай және тәулігіне 24 сағат бойы құрғақ жүктерді, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке және кері қарай Иран, Түркия, Ресей, Әзербайжан, Түрікменстан бағыттарына тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кесте 2. Ақтау айлағы арқылы жөнелтілген жүктің жалпы көлемі – 10,4 млн. т, оның ішінде [2]:

мұнай	9,0 млн. т
құрғақ жүк	1,4 млн. т

Мұның өзі 2004 ж. көрсеткіштен 107% артық. Жөнелтілген мұнайдың негізгі бағыттары: Ақтау – Баку – Батуми, Ақтау – Махачқала – Новороссийск және Ақтау – Нека (Иран).

2018 жылы 7 наурызда Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов 16-18 қаңтардағы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары барысында мемлекет басшылары қазақстандық-америкалық қарым-қатынастарды кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне жоғарылату туралы бірлескен мәлімдеме қабылдағанын атап өтті.

"Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру Вашингтонның сыртқы басымдықтарының бірі болып саналады. Сондықтан Вашингтонда өткен келіссөздер барысында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселесі бойынша уағдаластыққа қол жеткізілген болатын. Президент Дональд Трамп Ауғанстанға тұрақты логистикалық жәрдем беру және жол ашу әрі гуманитарлық көмекті күшейтуге үлес қосу арқылы АҚШ-тың оңтүстік Азия жөніндегі стратегиясын қолдауға Қазақстанның берік ұстанымы үшін президент Назарбаевқа ризашылығын білдірді", — деп баяндады министр.

2010 жылдың 20 маусымында АҚШ-тың Ауғанстанды тұрақтандыру және қайта қалпына келтіруге қатысуына байланысты Қазақстан Республикасы мен АҚШ үкіметтері арасында еліміздің аумағы арқылы арнайы жүктің коммерциялық теміржол транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге қол қойылған.

"Сонымен қатар, 2010 жылдың 12 қарашасында қол қойылған Қазақстан мен АҚШ үкіметтері арасындағы АҚШ-тың Ауғанстанды тұрақтандыру және қалпына келтіруге қатысуына байланысты Қазақстан аумағы арқылы жүк пен персоналдың әуе транзиті туралы келісім бар. Өткен жылы америкалық тарап Ауғанстанға арнайы жүктерді тасымалдау бағытына өзгерістер енгізу туралы өтініш білдірді. Атап айтқанда, америкалық тарап Солтүстік тарату желісіне Ақтау және Құрық порттарын енгізуді ұсынды. Оларға арнайы жүктерді Әзербайжаннан Каспий теңізі арқылы Қазақстанға және одан әрі теміржолмен Сарыағаш-Келер немесе Бейнеу-Қарақалпақстан арқылы Өзбекстанға және Ауғанстанға жеткізу мүмкіндігін береді", — деді Әбдірахманов.

Оның айтуынша, қол қойылған хаттама келісімнің шын мәнін өзгертпейді. Ақтау және Құрық порттары өткізу пунктерінің тізімін толықтырады. "Желісінің қызмет етуі АҚШ-пен стратегиялық әріптестік және Ауғанстандағы бейбітшілік пен тұрақтылық орнатуды қалайтын ел ретінде Қазақстанның мүддесіне толықтай сәйкес келеді. Сонымен қатар мамандардың пікірінше, Солтүстік тарату желісі Орталық Азия транзиттік жүйесін дамытуға жағымды әсерін тигізеді әрі еліміздің логистикалық инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді", — деп айтылды [3].

Біздің Қазақстанда көріп отырғанымыздай Каспий теңізі аса маңызға ие. Каспий маңы мемлекеттерінің үкіметтері арасында Каспий теңізіндегі теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы бесжақты келісім әзірленуде Каспий маңы мемлекеттері басшыларының 5-ші саммиті барысында қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес қол қойылған Көлік саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімді іске асыру үшін тараптар Каспий теңізіндегі теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы бесжақты келісімді әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Келісім Каспий теңізіндегі теңіз флоты мен порттарды толық және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, теңіз ортасын қорғау, теңіз көлігі мамандарын даярлау мен біліктілігін арттыруда тәжірибе алмасу мәселелері бойынша Каспий маңы мемлекеттерінің теңіз әкімшіліктерінің өзара тиімді ынтымақтастығы мен бесжақты өзара іс-қимылын ұйымдастыруға бағытталады [4].

Халықаралық теңіз ұйымы халықаралық үкіметаралық ұйым, БҰҰ мамандандырылған мекемесі, халықаралық сауда қатынасына байланысты техникалық мәселелер бойынша ынтымақтастық және ақпарат алмасу аппараты ретінде қызмет етеді.




Схема 1. Халықаралық сауда қатынасына коннект-талдау

Ұйымдардың екі негізгі мақсаты :

1. Халықаралық сауда қатынасына қатысты әр түрлі техникалық тақырыптар бойынша реттеумен тәжірибедегі мемлекеттік ынтымақтастық механизмін қамтамасыз ету;
2. Теңізде жүзу қауіпсіздігі, жүзу сапасы және кемелерден теңіз ластануын болдырмау мен бақылау бойынша іс жүзінде шекті стандарттарды әмбебап қабылдауды ынталандыру және жеңілдету.

Халықаралық теңіз компаниялары үшін теңіз кеңістігін және оның ресурстарын пайдалану, барлау және қорғауға қатысты халықаралық қатынастардың пайда болуына, қалыптасуына және өсуіне ықпал ету маңызды.

Халықаралық теңіз ұйымдарының 1982 жылғы теңіз құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының ережелерін іске асырудың құралы ретінде әрекет ету әдеттегі жағдай. Бұл құжат олардың халықаралық органдар мен компаниялардың құқықтық мәртебесін белгілеу және олардың теңізде жүзудің әртүрлі түрлеріне қатысуын реттеу арқылы олардың Дүниежүзілік мұхиттағы халықаралық заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етудегі маңыздылығын анықтайды. Жұмыс, теңіз кеңістігін пайдалануға қатысты дауларды шешуге қатысты юрисдикция.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Теңіз көлігі http://www.kazkontrakt.kz/index.php?page=kz_kkl_products_and_services_shipping
2. Қазақстанда қанша арнайы экономикалық аймақ бар? <https://7kun.kz/qazaqstanda-qansha-arnaiy-ekonomikalyq-aimaq-bar/>
3. АҚШ Ақтау және Құрық порттары арқылы Ауғанстанға жүк тасымалдайды <https://m.sputnik.kz/politics/20180307/4835881.html>
4. Каспий теңізіндегі теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы бесжақты келісім әзірленуде <https://adyrna.kz/post/25734>